

Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т. II, Ч. II. – Б. 25-27

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР: ШАХЗАДА ШОНАНОВА

Бағауиева Елдина, 1курс студенті С.Сейфуллин атындағы

Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Мен бұл тақырыпты таңдауымның себебі, өйткені Шахзада Шонанова ату жазасына кесілген азғана қазақ қыздарының бірі болды және де Ш. Шонанова туралы көп адамдар біле бермейді, әсіресе жастар. Мені бұл тақырып ең алдымен Шахзада Шонанованың шығу тегіне қатысты қызықтырды. Атап айтқанда, Шахзада Шонанованың әкесі де (Арон Қаратаев), анасыда (Хүсни-Жамал Нұралыханова) төре тұқымынан шыққан болатын, яғни Ш. Шонанованың әкесі мен анасы қазақ хандарының тікелей ұрпақтары. Бұл тақырыптың өзектілігі өте жоғары. Өйткені біріншіден, бұл тақырып аз зерттелген. Екіншіден, бүгіндетарихи тұлғалар тарихын жазу өзекті мәселеге айналды.

Ш.Шонанова сияқты қоғам қайраткерлері XVIII–XIX ғасырларда да шыққан. Олардың қатарына Ш. Уәлиханов, А. Құнанбайұлы, Г. Потанин, Ы. Алтынсаринді жатқызуға болады [1]. XVIII–XIX ғасырларда ұлт зиялыларының мақсаты – патша үкіметінің бұғауында қалған қазақтардың көзін ашып білімге баулу болса, XX ғасырда олардың мақсат-міндеттері білім мен ғылымды меңгеру арқылы ұлттық мүддені қорғау, ұлттық болмыстарын сақтап қалу болды [1].

Шахзада Шонанова 1903 жылы Батыс Қазақстан облысы Сырым (бұрынғы Жымпиты) ауданында әйгілі Әбілқайыр ханның ұрпағы Арон Қаратаевтың отбасында дүниеге келген. XX ғасырдың басындағы ірі қоғам қайраткері Бақытжан Қаратаевтың туған інісі Арон Қаратаев Патшалық Ресей тұсында білім алып, жоғары қызмет істеген зиялы азамат болған. Орал қаласының полиция бастығы (обер-полицейстер) лауазымына дейін көтерілген. Ескі тәртіптің құлауына байланысты қызметтен кетіп, жеке меншік шаруашылығымен шұғылданған Атақты бай және бұрынғы патшалықтың қызметкері ретінде 1928 жылы тәркіленіп, Алматы округінің Ащыбұлақ (қазіргі Алматы қаласы маңы) деген жерге жер аударылған. Анасы Хүсни-Жамал Зұлқарнайқызы Нұралыханова Жәңгір ханның немересі, яғни Шахзаданың әкесі мен анасы ханның ұрпақтары еді. Хүсни-

Жамал Зұлқайнарқызы (Нұралыханова) ХІХ ғасырдың аяғында, 1894 жылы, қазақ қыздарына арнап Бөкей ордасында мектеп ашқан, талай талантты шәкірттер тәрбиелеген қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы ағартушы ұстаздардың бірі. Оның өмір жолы әрі тарих, әрі дастан. Қазақтың қайраткер қыздары – Алма Оразбаева, Рәзия Меңдешова, Әмина Сүлейменова осы Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызының мектебінен өткен [2].

Ш. Қаратаева 1922-1926 жылдарда Орал губерниялық атқару комитетінде іс жүргізуші болып істейді. Оның қызмет еткені жөніндегі мәліметтер Батыс Қазақстан облыстық мұрағатында сақтаулы. Дәлірек айтар болсақ, «№37 бұйрықта 1922 жылдың 3 ақпанынан бастап Басқару губерниясы Шахзада Қаратаеваны іс-жүргізуші лауазымына алған». Одан өзге бір бұйрықта «1922 жылы 18 сәуірден бастап 1 ай мерзімдегі демалысында көктемгі егістік жұмыстарына шыққан. Губерниялық атқару комитетінің хатшысы Қаратаеваға посевкомпаниямен байланысты 1 айлық демалысқа рұқсат берілген. Шахзада Қаратаеваның орнына уақытша хатшылық қызметке Карыкин тағайындалған» деген мәліметтер бар. Аз уақыт Сырдария губерниялық партия комитетінде нұсқаушы қызметін де атқарды. 1926 жылдан бастап ССРО ағартушы қызметкерлер одағының мүшесі, 1928-1930 жылдарда Қызылордада Халық ағарту комиссариатының мектепке дейінгі балалар тәрбиесі бөлімінің нұсқаушысы болып орналасады. Алайда Шахзаданың бар арман-тілегі – оқуын жалғастыру. Осы мақсатпен 1931 жылы Алматыға қоныс аударып, Алматы медицина институтына оқуға түседі. Бірақ, мұнда да «әлеуметтік тегі» бойынша бақылауда болып, институт Шахзаданы «қоғам жұмыстарында тексеруге» міндеттеледі. Сөйтіп, Шахзада 1932 жылдың 12 наурызынан 11 сәуірге дейін ең қауіпті ауру – бөртпе сүзек індеті жайлаған Прибайкалстройдың Спасск деген жеріне жіберіледі. Сол жердегі жұмыс орнынан институтқа ол жөнінде: «Жолдас Шонанова өзін қайратты, іскер қызметкер ретінде көрсетті... Қоғам жұмыстарына қатысты... Санитарлық шаруаларды жүргізуші ретінде Шонанова ең сенімді қызметкер болды» деген мінездеме жіберіледі. Алайда, осындай үлгілі мінездемеге қарамастан, Шахзада 2-курста «әлеуметтік тегіне байланысты» тағы да оқудан шығарылады. Тағы да дейтініміз, бұған дейін Шахзада Аронқызы Орта Азия Мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түсіп, үстем тап өкілінің ұрпағы ретінде бұл оқу орнының да 2-курсында оқудан шығарылған екен. Тағдыр тәлкегімен Шахзада екі рет тұрмыс құрған. Алғашқы жары мемлекет қайраткері Ыдырыс Мұстамбаев болған. Екі жастың ата-анасы бата беріп, 1922 жылы Ыдырыс пен Шахзада шаңырақ көтереді. Ыдырыс Мұстамбаев пен Шахзада Аронқызының шаңырақ көтерген кезінде советтік құрылыстың басты идеологиясы «тап жауларына» қарсы күресті күшейту ұранының күшейіп тұрған кезі болды. Екінші рет Шахзада Аронқызы 1931 жылы

Алма-тыда бірге жұмыстас болған әрі отбасының досы, энциклопедист-ғалым Телжан Шонановпен бас қосады. Осы кезеңде Телжан Шонанов Қазақ педагогикалық институтында доцент болып жұмыс істейді. Шахзада Шонанова 1933-1936 жылдарда педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында, Халық ағарту комиссиаратында, ұлттық мәдениетті ғылыми-зерттеу институтында кіші қызметкер сияқты түрлі қызмет атқарды[3].

Жас қызметкердің тынымсыз әрі табанды ізденісін байқаған Халық ағарту комиссары Жүргеновтің шақыруымен ол бастауыш және орта мектеп бөлімінде ғалым, хатшы, кейін әдіскер кеңесші болып қызмет істейді. Бірақ 1936 жылдың басында бұл қызметтен де босатылады. Шахзадасонда да мойымады. 1936 жылыжасы 33-ке келсе де, белгілі бір мамандық алуға талпынған жас қайраткер Шахзада Шонанова (Қаратаева) ҚазМУ-дың биология факультетінің 2-курсында оқуға мүмкіндік алды. Бірақ бұл жолы да оқу еріксізүзілді. 1937 жылы 19 шілдеде жұбайы Телжан Шонанов «халықжауы» деген жаламен тұтқындалады. Артынша, 1938 жылдың 5 қаңтарында Шахзада да тұтқынға алынады.

«Бұрынғы кісі өлтірушініңай туынша, «халықжа уларын» түн ішінде НКВД ғимаратының терең қазылған жер төлелеріне апарып, сол жерде атқан». «Халық жауларын» үш сағат бойы атып, содан соң мүрделерін жабық әскери машиналарға тиеп, Әлі ауылына апарған.Бұл 1932 жылдыңа шаршылығында барлық тұрғыны қырылып, қаңырап қалғанауыледі. Балшық тансоғылған үйлердің орындарында жартылай құлаға қабырғалар ғана сорайып тұр[4]. Міне, сол қабырғалар арасында солдаттар күндіз шұңқырлар қазатын да, ал түнде ол шұңқырларға атылған адамдардың мүрделері тасталған. Қаңырап тұрған бұл ауыл жанын да жаңа ауыл да бар еді. Оның тұрғын дарына көне ауылға жақын дамау жөнінде бұйрық берілді. Бұл бұйрық «көне ауылға аса қауіпті індеттен өлген жылқылар көміліп жатыр» деп түсіндірілген». «1937-1938 жылдары атылған адамдар тізімін қолымызға алғанда біз НКВД «машинасының» демалыс, мейрам дегенді білмей, күндіз-түні жұмыс істегені нұқтық, – деп жазады Сәуле Рақымқызы. – Әркүні 40-50 адам атылған. Олардың бәрі де НКВД ғимаратының жер төлесінде атылған». Осы қан төгіске қатысқан жендеттің айтуынша, «машинадан шұңқырға мүрделерді лақтыра бастағанда, кенет тен олардың бірітіріліп, айдалаға қаша жөнеліпті. Бұл әйеладам еді. Жендеттердің бірі оны сол арадаатып құлатқан. (Тізім де жалғыз ғана әйел адам болғандықтан, бұл жерде әңгіме ҚазМУ студенті Шахзада Шонанова жөнінде деп жорамал даймыз). Осы оқиғадан кейін машинаға саларда атылғандардың аяғының сіңірін қиып жіберетін болған». Осы қан төгіске қатысқан жендеттің айтуынша, «машинадан шұңқырға мүрделерді лақтыра бастағанда, кенеттен олардың бірі тіріліп, айдалаға қаша жөнеліпті. Бұл әйел адамеді. Жендеттердіңбірі оны сол арада атып құлатқан. (Тізімде

жалғызғана әйеладам болғандықтан, бұл жерде әңгіме ҚазМУ студенті Ш.Шонанова жөнінде деп жорамалдаймыз). Осы оқиғадан кейін машинаға саларда атылғандардың аяғының сіңірін қиып жіберетін болған». Сөйтіп, сұрқия саясаттың жазықсыз құрбаны болғаны Шахзада Аронқызы Шонанова РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабының 2, -8, -9, -11-ші тармақтары бойынша айыпты деп танылып, ең жоғарғы үкім – өлім жазасына кесіледі. Жаза 1938 жылғы 9 наурызда орындалып, ф жауқазын қыздың жасғұмыры Алматыда үзіледі. Кейін 1958 жылғы 8 наурызда ақталды[5].

Шахзада Шонанова – сталиндік репрессия жылдарында атылған қазақтың үш қызының бірі. Белгілі журналист Қарагөз Сімәділдің жазуынша, совет үкіметін құлатпақ болды деген айыппен Торғай Сүлейменова, Мәмила Таңатова есімді қазақ әйелдері ату жазасына кесілген. Телжан Шонанов пен Шахзада Аронқызы Қаратаеваның артында ұрпақ қалмаған. Тек бауырына басқан ұлдары Жақыптың есімі ғана аталады. Жақып сол жылдарда Донбаста, Сталин қаласында индустриалдық құрылыс институтының студенті екен. Сол Жақыптың кейінгі тағдыры туралы мағлұма тәзірге жоқ. Бүгінгі күні осы Қаратаевтар әулетінің нәзік жанды өкілі, бірақ бойында тектілік пен ұлтшылды қтұнған дәрігер, ұстаз, қоғам қайраткері Шахзада Аронқызы Шонанованың құрметіне өзінің туған елі Батыс Қазақстан облысы Орал қаласындағы М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың

№5 оқу ғимаратында мемориалдық ескерткіш тақтайша орнатылған[6].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қайырболат Ж. Нұрбай, Гульмира Ж. Жуман, Средний Жуз в период XVIII- началаXIX веков: политический аспект проблемы // Былые годы, 2019 . № 4. С.1479-1489.
- 2 Ғарифолла. Қос мұңлық: Телжан мен Шаъзада // Ана тілі. 2017 ж. 10-16 мамыр.
- 3 Тобыл Құлыяс. Қанаты қайырылмаған қарлығаштар // Егеменді Қазақстан. 2011 ж. 31 мамыр.
- 4 Т. Көлбай. Алжирде азап шеккен аналар // Жас Алаш. 2009 ж. 2 маусым.
- 5 Т. Көлбаев. Алжирдегі жазықсыз арулар // Ана тілі. 2011 ж. 26 мамыр – 1 маусым. 6 Т. Құсайын. Шахзадаға ескерткіш тақта орнатылды // Егеменді Қазақстан. 1997 ж. 31 мамыр.

Ғылыми жетекші: Қ.Ж. Нұрбай